ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 20 желтоқсан №7119-24-00-2/15866 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Шамухан» атынан Шамухан Абулхайыр Азаматович
Жеке кәсіпкер «Байдыбек» атынан Байдыбек Ералхан Ахметұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Шамухан» атынан Шамухан Абулхайыр Азаматович, жеке кәсіпкер «Байдыбек» атынан Байдыбек Ералхан Ахметұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Шамухан» атынан Шамухан Абулхайыр Азаматович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Шамухан» атынан Шамухан Абулхайыр Азаматовичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 20.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 29.01.2025
7119-24-3-1/15325

Жеке кәсіпкер «Байдыбек» атынан Байдыбек Ералхан Ахметұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағатсыз қалдырылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 20.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 29.01.2025
7119-24-3-1/15325